

Жыл сайын субсидиялауға жататын әрбір бағытқа арналған және өңірлердің бөлінісіндегі субсидиялар көлемі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/56 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 ақпанда № 8351 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 8 қазандағы № 3-2/905 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 8.10.2015 № 3-2/905 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 35 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) жыл сайын субсидиялауға жататын әрбір бағытқа арналған және өңірлердің бөлінісіндегі субсидиялар көлемі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегін осы бұйрыққа 1-қосымшаға с ә й к е с ;

2) республикалық малды асылдандыру орталығына жылдық қаражат бөлу сметасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытына жылдық қаражат бөлу сметасы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4) **Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.12.2013 № 3-1/625 бұйрығымен.**

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 19.09.2013 № 3-1/433; 03.12.2013 № 3-1/625 бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті және Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті өз құзыреттері шегінде облыстар бойынша субсидиялаудың бекітілген көлемдеріне сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттермен аударылған қаражатты пайдалану мониторингін жүргізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министрдің м.а.

М. Өмірияев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл

шаруашылығы

министрінің

м. а.

2013

жылғы

14

ақпандағы

№

3-1/56

бұйрығына 1-қосымша

Асыл тұқымды өнім (материал) түрлерін мемлекеттік қолдау бағыттары бойынша өңірлерге бөлінген бюджеттік субсидиялардың көлемі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.12.2013 3-1/646 бұйрығымен.

Р/с №	Облыстар	Шығыстар баптары (мың теңге)								
		Асыл тұқымды төл	Асыл тұқымды ірі қармал төлі	Шет елден әкелінген асыл тұқымды және таза тұқымды ірі қармал төлі	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Асыл тұқымды етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	Асыл тұқымды жұмыртқа	Ірі қармал эмбрион көшіру	Тәуліктік балапандар	Өндіруші бұқалар ұрығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Ақмола	800	90 388	95 880	636 366	8 840			7 000	
2	Ақтөбе	27 160	132 042	111 155	504 465	69 992				1 111
3	Алматы	119 175	226 560	244 400	1 248 652	11 544	608			2 492
4	Атырау	8 704	7 788		70 840					
5	Шығыс Қазақстан	152 640	300 900	111 390	1 134 524	936				2 565
6	Жамбыл	336 014	171 368	51 465	485 693					

7	Батыс Қазақстан	8 760	139 476	33 683	822 045	312		833		119
8	Қарағанды	35 020	198 835	30 418	857 572	6 240	73 758		22 000	
9	Қостанай	3 410	92 867	554 835	693 504	1 976				5 915
10	Қызылорда	62 058	49 209		217 065					5 945
11	Маңғыстау	2 474			21 996					
12	Павлодар	43 309	156 950	83 925	403 892	2 340			7 702	
13	Солтүстік Қазақстан	2 049	179 478	145 700	495 631	1 768				
14	Оңтүстік Қазақстан	152 019	52 746		368 987	2 287	16 757			
	Барлығы	953 593	1 798 608	1 462 851	7 961 232	106 235	91 123	833	36 702	18 148

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/56

бұйрығына 2-қосымша

Республикалық малды асылдандыру орталығына қаражат бөлудің жылдық сметасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.12.2013 3-1/646 бұйрығымен.

Шығыс баптары	2013 жылға	
	Саны, бас	сомасы, мың теңге
1	2	3
Өнімділігі жоғары тұқымдықтарды және асыл тұқымды материалды сатып алу		30 000
Ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалар	10	30 000
Өнімділігі жоғары тұқымдықтарды күтіп-бағу		163 295
Азықты сатып алу және дайындау		16 470
Ветеринариялық препараттарды, ветеринариялық мақсаттағы басқа да құралдарды сатып алу		2 000
Азықты, суды және қанның биохимиялық құрамын талдау		1 300
Көмір сатып алу		3 000
Сумен қамтамасыз ету		801
Энергия жүйесіне қызмет көрсету және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету		6 000
Еңбек ақы қоры		84 120
Байланыс қызметі		978
Жанар және жағар май материалдары		7 390

Етті құс шаруашылығы бойынша асылдандырушы шаруашылыққа асыл тұқымды құстың құс басын толықтыратын балапандарын сатып алу жөніндегі қаражаттарды жылдық бөлу сметасы

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 19.09.2013 № 3-1/433 бұйрығымен.

Р/с №	Шығыс баптары	2013 жыл	
		Саны, бас	сомасы, мың теңге
1	2	3	4
1.	Асыл тұқымды құстың құс басын толықтыратын балапандарын сатып алу (тәуліктік балапан)	21 948	151 000,0
	Барлығы		151 000,0